



## **«Бәйтерек» холдингі аграршыларды қаржыландыру мақсатында алғаш рет ESG облигацияларын шығарды**

2024 жылдың 26 желтоқсанында «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ KASE алаңында жалпы көлемі 100 млрд теңгені құрайтын дебюттік «әлеуметтік» облигацияларын орналастырды.

Тартылған қаражат «Кең дала 2» бағдарламасы аясында Аграрлық несиелер корпорациясы арқылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын (КЕЖЖ) жүргізуге бағытталады.

Аталған ESG шығарылымы тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келеді және оң әлеуметтік маңызды нәтижелерге қол жеткізу мақсатында КЕЖЖ уақтылы жүргізу үшін фермерлерге жеңілдікпен несиелер беруді көздейді.

КЕЖЖ жеңілдікті несиелер алдын ала берілетінін атап өту маңызды, бұл өз кезегінде фермерлерге қажетті агротехникалық іс-шаралардың уақтылы жүргізілуін алдын ала қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұған дейін Бәйтерек Холдингі КЕЖЖ жүргізуге 280 млрд теңге бөлген болатын.

Айта кету керек, «әлеуметтік» облигациялар – бұл әлеуметтік мәселелерді жеңілдету және әлеуметтік салаға оң әсер ететін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында шығарылатын корпоративтік облигациялар.

Дебюттік шығарылым аясында Холдинг тұрақты даму саласындағы Бағдарламаны бекітіп, АХҚО Жасыл қаржы орталығынан (AIFC Green Finance Centre) оң қорытынды (Second Party Opinion) алды.

Шығарылым бойынша қаржылық кеңесшілер мен андеррайтерлер ретінде «Halyk Finance» АҚ және «Jusan Invest» АҚ қатысты.



## **Холдинг Байтерек впервые разместил ESG облигации для целей финансирования аграриев**

26 декабря 2024 года АО «Национальный управляющий холдинг «Байтерек» разместил дебютные «социальные» облигации на площадке KASE общим объемом 100 млрд тенге.

Привлеченные средства пойдут на проведение весенне-полевых и уборочных работ (ВПиУР) через Аграрную кредитную корпорацию в рамках программы «Кен дала 2».

Данный ESG выпуск соответствует принципам устойчивого развития и предусматривает льготное кредитование фермеров для своевременного проведения ВПиУР с целью достижения положительных социально значимых результатов.

Важно отметить, что льготные кредиты на ВПиУР предоставляются заблаговременно, что в свою очередь позволит фермерам заранее обеспечить своевременное проведение необходимых агротехнических мероприятий.

Ранее Холдингом Байтерек на проведение ВПиУР направлено 280 млрд тенге.

Отметим, что «социальные» облигации – это корпоративные облигации, целевым назначением которых в том числе является смягчение социальной проблемы и достижение положительных результатов, влияющих на соцсферу.

В рамках дебютного выпуска Холдинг одобрил Программу в области устойчивого развития и получил положительное мнение (Second Party Opinion) от Центра зеленых финансов МФЦА (AIFC Green Finance Centre).

Финансовыми консультантами и андеррайтерами по выпуску выступили АО «Halyk Finance» и АО «Jusan Invest».